

## ӘДЕБИЕТТАНУ

### LITERATURE

ҒТАХР 17.07

Ә.Н. Қуанышбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Алматы қ., Қазақстан

#### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «УАҚЫТ/ЗАМАН» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

**Аңдатпа.** Аталған мақалада «Уақыт» ұғымының ғылымдардың бастауы – философиядағы мәні, адам санасына қатысы туралы айтыла келіп, көшпелілер философиясындағы уақыт туралы түсінік, уақыттың түрлері туралы ақпарат беріледі. Соның негізінде қазіргі қазақ поэзиясындағы «Уақыт» ұғымының бейнесі ашылып, оны құрайтын әдеби көркемдегіш құралдар ажыратылып көрсетіледі.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдеріне айналып отырған Қ.Сарин, Е.Жүніс, Н.Бердалы, Қ.Омар сынды жас ақындардың жырларындағы «Уақыт» ұғымының көрініс табу ерекшеліктері, уақытпен байланысты идеялардың берілу формасы, ақындық ізденістер мәселелері нақты мысалдар арқылы айқындалады. Сол арқылы уақыттың бүгінгі қазақы танымдағы поэтикалық бейнесін танытуға талпыныстар жасалынады. Уақыттың поэтикалық бейнесі мәңгілік, тәуелсіз, билеуші, күз – мұң, көктем – жаңару, түн – көңілсіздік, таң – үміт, шабыт, күту, сағыныш, емші ұғымдарының аясында ашып көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** уақыт, уақыт түрлері, көркем уақыт, экологиялық уақыт, тәуелсіздік кезеңі, қазақ поэзиясы, ұғым, образ, окказионалды мағына, идея, форма.

\*\*\*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается понятие «время» как начало наук, говорится о его философском значении и причастности к человеческому разуму, а также дается информация о философии времени и видах времени у кочевников. Благодаря этому раскрывается образ понятия «время» в современной казахской поэзии, выделяется его значение как литературное средство. В стихах поэтов, получивших признание в современном мире, таких как К.Сарин, Е.Жуныс, Н.Бердалы, Қ.Омар особенности проявления образа «время», формы подачи идей, связанных со временем, вопросы поэтических поисков выявляются через определенные примеры. На основании этого, будут осуществляться

попытки узнать поэтический образ «времени» сквозь призму современного казахского познания. Поэтический образ времени будет раскрываться в сфере таких понятий, как вечный, независимый, правящий, осень – печаль, весна – обновление, ночь – скука, утро – надежда, вдохновение, ожидание, томление, лекарь.

**Ключевые слова:** время, виды времени, художественное время, период Независимости, окказиональное значение, образ, идея, форма.

\*\*\*

**Abstract.** This article tells that the concept of «time» is the base of science, it speaks of its philosophical significance and involvement in the human mind, as well as information about the philosophy of time for nomads and types of time. Thanks to this, the image of the concept of «time» in modern Kazakh poetry is revealed, and its literary means are singled out. In the poems of poets, recognized in the modern world, such as K.Sarin, E.Zhunis, N. Berdaly, K.Omar features of the manifestation of the image of «time», the forms of submission of ideas related to time, the questions of poetic searches are revealed through certain examples. Based on this, attempts will be made to learn the poetic image of «time» through the prism of modern Kazakh knowledge. The poetic image of time will be revealed in the sphere of such concepts as eternal, independent, ruling, autumn – sadness, spring – renewal, night – boredom, morning – hope, inspiration, expectation, longing, healer.

**Key words:** time, types of time, artistic time, independence period, occasional meaning, image, idea, form.

Уақыт – күнделікті тұрмыс, білім, ғылым, мәдениет пен дінде маңызды орын алатын ұғым. Адамдар үнемі уақыт процесін түсінуге, бағындыруға, тиімді пайдалануға тырысқан. Ғұмырын пайдалы, не пайдасыз уақытымен өлшеген. Өмірді сүйе отырып, уақытты оздырмауға ұмтылған. Сондықтан да адамзат уақыттың жұмбағын шешіп, сырын ашу жолында ерте кезден-ақ ойлана бастаған. Уақытты зерттеу антикалық философиядан басталып, жүйелі түрде, танымдық, физикалық, табиғи, тарихи т.б. қырынан қарастырылған.

Уақыт – тек санамен ұғынылатын дерексіз ұғым. Сондықтан оның мәнін түсіну оңай емес. Бұл туралы Гераклит «заттардың ішіндегі ең соңғы және ең алғашқысы», «оның өз ішінде мәні бар, ол өзі бар да, жоқ нәрсе», - дейді. «Бізді қоршаған табиғат ішіндегі белгісіздердің белгісізі ол – уақыт. Уақыт деген не, оны қалай басқаруға болады, бұны ешкім білген емес», - дейді грек философы Аристотель [1, 70-95 б.].

Жаратылыстағы материя үнемі қозғалыста болады және ол уақыт пен кеңістікте өмір сүреді. Сондықтан көптеген еңбектерде уақыт пен кеңістікті қатар зерттейді де, философиядағы диалектикалық материализм оларды материяның ажырамас бөлігі деп, онымен бірлікте қарастырады.

Ал метафизикалық материализм уақыт пен кеңістікті материядан тыс, тәуелсіз деп есептейді.

Талас тудыратын тағы бір мәселе ол – уақыттың объективтілігі мен субъективтілігі. Бұл уақыт адам санасында ма, әлде одан тыс өмір сүре ме деген екі түрлі пікірлерді қамтиды. И. Канттың көзқарасынша, «кеңістік пен уақыт туралы біздің пікірлеріміз тәжірибеден алынған жоқ, демек, олардың қайнар көзі сыртқы заттарда емес, біздің ақылымызда. Кеңістік пен уақыт – бұл біз онсыз заттарды көре алмайтындай көзілдірік тәрізді. Жасыл көзілдірік барлығын да жасыл етіп көрсетеді. Кеңістік пен уақыттың көзілдірігі барлығын да кеңістік пен уақытта өмір сүретін етіп көрсетеді. Бірақ бұл көзілдірік біздің санамызға тән, онсыз кеңістік те, уақыт та жоқ» [2,176 б.]. Декарт, Джон Эллис Мак-Таггарт, Гегель, Э.Мах сынды идеалист философтар да осы пікірді қолдап, уақыт пен кеңістікті объективті шындық ретінде қарастырады. «Адам санасынан тыс уақыт пен кеңістік жоқ, олар ішкі сезім сияқты өзіміздің аңдауымыз. Уақыт дегеніміз – санамыз тудырған нәрсе немесе сыры білінбейтін нәрсе» деп түсіндіреді [3, 7 б.].

Материалистік философия өкілдері К.Маркс пен Ф.Энгельс материя, қозғалыс, кеңістік пен уақыттың бір-бірінен бөлінбейтін бірлікте екенін мойындайды. Бұл қазіргі заманғы философия мен физикада да дәлелденген. Ақиқат уақыт тоқтаусыз бір бағытта қозғалады және уақыт өзгерген сайын адам да, оның тұрмыс-тіршілігі де басқа қалыпқа ауысады. Уақыт шеңберінде адам дүние есігін ашып, сәби кезден жастыққа, жастықтан қарттыққа ауысып, соңында өмірден озады. Адам ешқашан уақыт ағымын тоқтата алмайды. Ол –объективті, ешкімге, ештеңеге бағынбайды.

Көшпелілер философиясында да кеңістік пен уақыт – болмыстың құрамдас бөлімі ретінде алынып, уақыт пен кеңістік ажырытылмай, біртұтас ұғым ретінде қаралды. Өйткені көшпелілер кеңістікте еркін орналасу мен еркін қозғалуды, яғни белгілі бір территорияда мәңгілік тұрақтап қалмауды көздеген. Әлемді біртұтас, адам табиғаттың бір бөлшегі деп түсінген олар кеңістікті шексіздік мәнінде ұққан, шексіз кеңістіктегі уақыт та шексіз, адам өмірі де, яғни жан, рух та шексіз, ешқашан өлмейді.

Кеңістікте өзімен-өзі және табиғатпен жеке қалған адам онымен ортақ тіл табыса алған, Темірқазықты бағдар алып, жолынан адаспаған, жұлдыздарға қарап кеңістік пен уақытты болжай білген.

Тіпті қазіргі қазіргі қазақ күнтізбесінде де уақытты табиғи тұрғыдан түсіну көрініс тапқан. «Шілде айы жылдың ыстық айы ретінде белгілі болса, желтоқсан оған мүлде қарама-қарсы, ал бұлардың мағынасы аптап пен қарлы боранды білдіреді. Көк шығар - көкек (құстардың оралу уақыты), молшылық - мамыр (жаңару кезеңі), жаңбырлы -тамыз, қазан - шөптің таусылуы (дәнді- дақылдар мен жеміс-

жидекті жинап алу кезеңі), қаңтар - күннің қысқаруы, қаңтарылуы жайлы да осыны айтуға болады» [4, 104 б.]. Сондай-ақ қазақы танымда уақытқа байланысты түрлі бейнелі сипатқа ие «сүт пісірім», «бие сауым», «ат шаптырым» сынды ұғымдар да қалыптасқан.

Уақыт қай салада болмасын адаммен үнемі бірге жасасып келе жатқандықтан, оның биологиялық, экологиялық, генеологиялық, жағдаяттық, психологиялық, этномәдени, әлеуметтік, шынайы, концептуалды, перцептуалды, көркем уақыт сынды түрлерін көрсетуге болады. Ал біз бұл мақаламызда уақытты көркемдік, концептуалдық тұрғыда зерттеуге тырысамыз. Уақытты «ақша», «ең қымбат қазына» деп есептейтін бүгінгі ғылым мен технология дәуірі адамдарының танымындағы уақыттың бейнесіне үнілеміз. Ол үшін заманның, өмірдің айнасы болған әдеби, соның ішінде поэзиялық туындыларға тоқталамыз. Уақыт қазірге дейінгі ежелгі дәуір, орта ғасыр, хандық дәуір, кеңестік дәуірлердің өзіндік сипаттарына сай сан алуан мәнге ие болса, бүгінгі тәуелсіз кезең поэзиясында уақыт қандай ұғымдармен өлшенеді деген сұраққа жауап іздейміз.

Қазіргі қазақ поэзиясы да ең алдымен,

Уақыт бәрін биледі,

Бәріне уақыт жетсін бе ? [5, 115 б.] немесе

Сергелдеңге салады күнім, түнім

Уысындауақыттың үгітілдім [6, 5 б.] - деп уақыттың адам еркінен тыс «билеуші», әрі «мәңгілік» екенін мойындайды:

Ал уақыт - мәңгі.

Ол бар жерде заман бар.

Замананы Аллаһ қана тәмамдар.

Бұл уақыттың барлығы хақ, сөйтсе де

Уақытым жоқ дей береді адамдар [7, 50 б.].

Қай жерде, қай кезеңде болмасын, адам үшін уақыт – бұл өмір. Қазақ әдеби шығармаларында өмір «қамшының сабындай қысқа», «бес күндік фәни», «жалған дүние» түрінде ұғынылса, бүгінгі туындылар да осы ақиқатқа бағынып, Назира Бердалы:

Ғұмыр – қысқа.

Соншалықты созатындай уақытыңыз көп пе еді ?

Уақытқа боламыз-ау өкпелі... [7, 50 б.] - деп жырласа, ата тағылымын танытқысы келген Қалқаман Сарин «Ғұмыры бір адамның қанша уақыт?» деген немересінің сұрағына:

Ғұмыры бір адамның түсінгенге,

Азан менен намаздың арасындай [8, 38 б.] - деп жауап береді.

Бес күндік ғұмыр – жаратылыстан өлшеніп берілген өлшеусіз сый, бір сапар. Оның қашан өз мәресіне жететіні белгісіз және біздің еркімізден тыс дүние. Ақын да адамзат жыршысы ретінде сол қысқа

ғұмырының, уақытының өзіне бағынбай, білінбей өтіп бара жатқанына алаң болып, өлеңіне өкінішін айтады:

Өтер де, кетер бұл дәурен,  
Өлшеулі, бәрі өлшеулі.  
Өкпек жел соғып өргемнен,  
Өкініш басар еңсемді [8, 93 б.]

Ал Ерлан Жүністің ақын көңілі болса, уақыттың өлшеміне бағыну былай тұрсын,

Білсе егер уақыт мөлшерін,  
Сұлулар асығыс кетеді.  
Білмеймін уақыт өлшемін  
Ол мені білгені жетеді [9, 314 б.] - деп, уақыттың мөлшерін білуден де бас тартады.

Ақындар табиғатпен үндестікте, үйлесімділікте жаратылған жандар болғандықтан да, қазіргі қазақ поэзиясында кеңінен көрінетін уақыттың бір түрі – экологиялық уақыт.

«Экологиялық уақыт» деп А.Сейдімбек табиғатқа, жыл мезгілдеріне байланысты ұғымдарды атайды. Экологиялық уақыт бойынша жыл мезгілдері жаз, күз, қыс, көктем болып сараланады. Әр мезгілдің өз ішінде өтетін табиғат құбылыстары, сол табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты әрекет-шаралар уақытқа меже болып отырады. Экологиялық уақыт өлшемі болып табылатын тәулік кезеңдері атаулары Н.Уәлиев еңбектерінде кеңінен қарастырылған [10,6-7 б.].

Ақындардың өлеңдерінде осы экологиялық уақыт детальдары жырлана келіп, уақыттың түрлі поэтикалық мәнін қалыптастырады. Мысалы,

Келер күз мұнартып,  
Қайтесің кінә артып?  
Кездейсоқ бақыттан  
Кей-кезде мұң артық [8,6-7 б.].

Күз – табиғаттың ғана емес, адамзаттың да өзгеше күйге енетін, алдағы қысқа алаңдаушылық білдіріп, күз аспанындағы ала бұлттардай көңілі алабұртатын, мұңнан қоңыр бояу жамылатын кезеңі. Әсіресе, уақыттың осы бір бұлағай шағы ақын жанының тынышын алып,

Жазда қалған жылуы мен жақсы әні,  
Бізге мәлім күздің жайы-жапсары [11, 24 б.] - деп қаламын тербейді. Күзгі уақыт – реңі өзгеше мұңлы уақыт. Бірақ оған адам да, мал да, жан да көндіккен:  
Күңіренген, күрсінген күздің ауыр,  
Мінезіне үйренген біздің ауыл.  
Бұйра шашын көтеріп қырат-қырдың,

Берекесін бір сәтте бұзды дауыл [8, 90 б.]. Күзгі уақыт мұңының себебі жадыраған жазғы тіршіліктің думанымен, құстардың көңілді әнімен, тал-қайыңның жапырағымен қоштасуы болса керек.

Қараша, құс қайтқанда – күзгі қайғы,  
Күзгі қайғы жанымды сызғылайды.  
Сызғылайды жанымды күзгі қайғы  
Бөлмеде теріс қарап қыз жылайды [5, 113 б.] - деп, ақын Ерлан Жүніс те табиғаттың осы көңілсіз әуенін үнсіз қосыла жырлайды.

Күзгі кезеңді артына қалдырып, ақын өлеңі көктемін ерекше құлшыныспен күтеді:

Көктем келеді, көктем келеді,  
Көрімдік берер кім қиып?  
Керімсал мезгіл көк белді өбеді,  
Құшағына әсем гүл жиып [8, 14 б.]. Көктем келсе, қуанады:  
Көктем екен, бұл келген көктем екен,  
Көп күттірген ғашығым жеткен екен.  
Былтырғыдан еркелеу секілді ме,  
Былтырғыдан о, Құдай өктем екен [9, 311 б.].  
Көктем – бұл гүл шығу мен нұр сіңудің, бұлқыну мен құлпырудың уақыты. Жаңару мен тазарудың, ағарудың мезгілі. Тіршіліктің жаршысы, жанарлар мен аспан жақтың мөп-мөлдір тамшысы. Махаббат уақыты. Ақындардың жырлары көктемнің осы құдіретін бірі:

Майлы бояу – май айы,  
Жан-тәніңе нұр жұғар.  
Көктем – мезгіл әйәйі,  
Құмары бар, тынжы бар [5, 47 б.] –десе, енді бірі:  
Есінде ме, көктем еді  
Көктем еді бүршіктері талдың да,  
Қызыл гүлдер қаптап еді шалғында  
Құшағына қызыл гүлді толтырып,  
Сен тұрып ең алдымда [11, 28 б.] - деп жарыса жырлайды.

Ақындардың жырларында күзгі, көктемгі уақыт қалай бейнеленсе, таң мен түннің де дәл сондай ерекше поэтикалық мәні бар. Түн белгісіз бір мұң мен күйзеліске толы уақыттың белгісіндей көрінсе:

Түн. Бұлыңғыр бір мұңға боялды көк,  
Мен отырмын, ой – сергек, ояу – жүрек [8, 72 б.],  
Бұл түн мені ауырсынып өткерді,  
Сағынышты, жалғыздықты, өкпемді,  
Қаралады, мазалады, жек көрді  
Бұл түн мені ауырсынып өткерді [5, 42 б.], ал таң шаттық пен үміттің жаршысындай сезіледі:  
Жөңкілген бұлттар жеткенше саған таң атар,

Таң атар-дағы, кештегі мұнды таратар [11, 20 б.] немесе

Қайырлы таң!

Қайырлы таң деймін де,

Жалғастырам тіршіліктің өлеңін,

Жаңа күннің аударамын парағын,

Күміс көмей бозторғайға қосылып,

Сызылтамын таң әнін.

Мен дәл қазір құшақ-құшақ үмітімді құшақтап,

Қызыл күнге қарай ұшып барамын [8, 27 б.] - деп жырлайды ақын Назира

Бердалы. Ал Қалқаман Сарин таң шапағын шашқанда:

Ерте шыққан күн сүйіп маңдайымды,

Ерке самал тербеді тал-қайыңды.

Тамылжыған табиғат тамсандырып,

Таңғы жұпар жібітті таңдайымды [8, 10 б.] - деп шабыттана түседі.

Сондай-ақ қызық дәурен, қадірлі уақыт ақындардың жырларына сүйенсек, адамның жастық шағымен өлшенеді екен. Бозбалалық, бойжеткендік, жастық дәурен – екі келмейтін, қысымға көнбейтін, шекке сыймайтын айрықша шақ. Бұл турасында ақындар:

Бозбала күнгі сүйгені

Жадынан ердің кетсін бе?

Сәлеметсіз бе, миледи

Қалқатай, сәлеметсің бе?! [9, 115 б.] – дейді және сол бір ерке жастық дәуреннің қайта оралмайтынын да сезеді:

Жас балаша жүгірген екі ғашық «сөкпе» деп,

Екеуіне еліктеп ырғатылған көп қайың.

Жастық шағын еске алып, күрсінетін көк терек

Мен сол кезде ойлап ем:

Бақыт үшін адамға керек нәрсе көп пе? - деп

Ерке жаңбыр. Сыр – сәуір

Он жеті де өткен ед... [11, 19 б.] - деп ақын Назира Бердалы жырға қосса,

Қалқаман Сарин:

Жалын атқан жастық шақ – қуаныш, бақ

Кетеді екен келмеске тым алыстап [8, 95 б.] - дейді.

Уақыт пен күту ұғымы үнемі қатар жүреді. Адамдар армандарын күтеді, ертеңін, болашағын, анасын, баласын, жарын, бақытын және

Сені күтіп сағынышым басылмай,

Мені күтіп отырасың төзімсіз.

Сенсіз сәттер секундтар да ғасырдай,

Бұрын қалай өмір сүргем өзіңсіз? [6, 28 б.] немесе

Қаншама күн, қаншама түн қаншама ай,

Күттім, күттім...құлазыды жан сарай.

Сенсіз өмір сүру маған тым қиын,

Менсіз өмір сүру саған болса оңай,

...Дәл солай! [8, 196.], сондай-ак  
Аққан жұлдыз, өткен қызды бақылап,  
Күттім оны, күттім оны не керек.  
Сағатыңыз қанша болды, жапырақ  
Сағатыңыз қанша болды, көбелек? [5, 92 б.] – деп жүрегінің жартысын күтеді. Сонымен қатар, уақыт – бұл сағыныш. Құралай Омар:  
Көрмеген сәтті санап,  
Тек сағат сыртылдайды[12, 36 б.] - деп сағаттың үніне үңілсе, Ерлан Жүніс:  
Көбелек қанат қаққанша  
Сағынып үлгердім сені.  
Қалалар шамын жаққанша  
Сағынып үлгердім сені [5, 122 б.] – деп қас-қағым сәт те сағыну үшін көп уақыт екенін жеткізгісі келеді.  
Адамдардың сүйгені, сағынғаны, күткені келсе – бір бақыт, олай болмаса – бір қайғы. Жастық кезең де басында тұрса – бір дәурен, өтіп кеткен соң – аңсау мен өкініш. Уақыт ешкімге, ештеңеге қарамайды, бағынбайды. Өз қалауын істейді. Өз қалауын істей жүріп те, алаң көңілдер мен жабырқаулы жүректерге ем бола алады. Осы туралы ақындардың бірі:  
Уақыт бізді ауыртады алдымен,  
Содан кейін емдейді [7, 50 б.] - деп тұжырым жасаса, енді бірі:  
Өзімді өзім жылатып,  
Өзімді өзім жұбатып.  
Жаныма емші болар ма,  
Ұрланған мына уақыт? [13, 108 б.] - дейді.



Сур.1. Уақыттың поэтикалық ұғымдары



Қорыта келгенде, уақыттың мәні оның адамзаттан тәуелсіздігіне қарамастан, әр дәуірде, әр салада түрліше сипатқа ие болып, құбылып тұрады. Себебі қоғам өзгереді, қоғаммен бірге, адам, соған сәйкес көзқарас, таным да өзгереді. Біз осы мақаламыз арқылы уақыттың бүгінгі қазақы танымдағы поэтикалық-концептуалдық бейнесін қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері Қалқаман Сарин, Ерлан Жүніс, Құралай Омар, Назира Бердалы сынды ақындарымыздың туындылары арқылы танытуға тырыстық. Жоғарыда жинақталған өлең үзінділерін талдау нәтижесінде, уақыттың поэтикалық-концептуалдық бейнесін мәңгілік, тәуелсіз, билеуші, күз – мұң, көктем – жаңару, түн – көңілсіздік, таң – үміт, шабыт, күту, сағыныш, емші ұғымдарының аясында ашып көрсеттік.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тұрғынбаев, Ә. Х. Философия [Мәтін]: оқу құралы / Ә. Х. Тұрғынбаев.– Толықт. өңд. 2-ші бас.– Алматы: Білім, 2005. – 303 б.
- 2 Мырзалы С. Философия [Мәтін]: оқулық / С. Мырзалы. – Алматы: Бастау, 2008. – 644 б.
- 3 Никулин Д.В. Пространство и время в метафизике XVII века / Д.В. Никулин. – Новосибирск: Наука: Сиб. изд. фирма, 1993. – 260 с.
- 4 Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. док. дисс... – Алматы, 2010. – 348 б.
- 5 Жүніс Е. Киелі түндердің дұғасы: өлеңдер / Е.Жүніс. – Астана: Профи Медиа, 2011. – 160 б.
- 6 Омар Қ. Мендегі үнсіздік. Өлеңдер / Қ. Омар.– Алматы, «Хантәңірі», 2014. – 108 б.
- 7 Бердалы Н. Сүйген жүрек [Мәтін] / Н. Бердалы.– Алматы : Жалын, 2009. – 92 б.
- 8 Сарин Қ. Құс жолындағы керуен [Мәтін] / Қ. Сарин. – Астана: Профи Медиа, 2014. – 143 б.
- 9 Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер / Е. Жүніс.– Алматы, «Хантәңірі», 2014. – 324 б.
- 10 Уәлиев Н. Бір күн, бір түн // Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1984, маусым – № 23.
- 11 Бердалы Н. Жаңбырлы түн / Н.Бердалы. – Алматы:Жазушы, 2001. – 48 б.
- 12 Омар Қ. Ақ қар. Өлеңдер. – Алматы:«Жалын баспасы» ЖШС, 2008. – 64 б.
- 13 Сарин, Қ. Арманымның бейнесі [Мәтін]: өлеңдер жинағы / Қ. Сарин. – Астана: Нұр–Астана, 2011. – 192 б.